

Ғасырдан соңғы жүздесу:

## «АЙҚАП» ЖУРНАЛЫ – ЧЕЛЯБИ ФОРУМЫНЫҢ РУХАНИ ТҰҒЫРЫ

Қазақстан мен Ресей аймақаралық ынтымақтастығының XIV форумы қарсаңында ректор, академик Ғ.М.Мұтанов бастаған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ делегациясы РФ Челябині облысының Троицк қаласында болды. Көне Жібек жолының тарамдары тоғысқан осынау өңірде 1911-1915 жылдары қазақтың тұңғыш журналы – «Айқап» басылған болатын. «Мағынай базары» атты жәрмеңкенің, әйгілі медресенің мекені, тоқсан тарау жол торабындағы Троицк қаласы қазақстандықтарды құшақ жая қарсы алды.

Жалғасы 2-бетте

## ТАЛАНТТАР ТОП ЖАРДЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін «1-курс таланттары» байқауы биыл да өз мәресіне жетті. Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан өнерпаздар күні кеше Ө.Жолдасбеков сарайында марапатталып, өз өнерлерін көпке паш етті.

«1-курс таланттары» байқауының алғашқы іріктеу кезеңіне 1500-ден аса студент қатысты. Жас өнерпаздар «Эстрадалық ән», «Дәстүрлі ән», «Классикалық ән», «Халықтық би», «Қазіргі заманауи би», «Авторлық ән», «Жас ақындар», «Домбырада ойнау», «Фортепианода ойнау», «Қобызда ойнау», «Барабанда ойнау», «Электрогитарда ойнау», «Гитарда ән айту», «Үздік жүргізуші», «Актерлік шеберлігі» номинациялары бойынша бақтарын сынап, таланттарын таразыға салды. Байқау барысында география және табиғатты пайдалану, журналистика, механика және математика мен шығыстану факультеттері ерекше ізденістерімен көзге түсті. Бақтары мен баптары оза шапқан 1-курс студенттері өз өнерлерін гала-концертте көрсетуге мүмкіндік алды.

«1-курс таланттары-2017» гала-концерті өз ерекшелігімен есте қалды. Дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын бұл байқау биыл 3 бөлімнен тұрды. Оның алғашқысы – «Дәстүрлі бөлім» болса, екіншісі – «Классикалық бөлім», ал үшіншісі «Заманауи бөлім» болып жалғасты. Тиісінше, әр бөлімді «Үздік жүргізуші» номинациясын иеленген студенттер бастап, өнерпаздарды ортаға шақырып отырды. ҚР Мәдениет қайраткері Галя Есмұханбетова басшылық ететін «Бақыт» би ансамблі де әр бөлімде би арнап, кештің жоғары деңгейде өтуіне атсалысты.

«Дәстүрлі бөлімде» жас ақындар өз өлеңдерін оқып, күміс көмей әншілер дәстүрлі әндер орындады. Ал, мың бұралған бишілер қазақ халқының, өзге халықтардың ұлттық билерін билеп, көрермен көзайымына айналды.

Жалғасы 8-бетте

## ФОРУМ В ЧЕЛЯБИНСКЕ

На XIV Форуме межрегионального сотрудничества России и Казахстана с участием Глав государств, который прошел 9 ноября 2017 года в Челябинске, ректоры КазНУ имени аль-Фараби Г.Мутановым и Уральского федерального университета имени первого Президента России Б.Н.Ельцина В.Кокшаровым подписали декларацию о создании международного научно-образовательного консорциума «Зеленый мост через поколения».



Деятельность консорциума будет направлена на объединение потенциала академического сообщества Казахстана и России и развитие человеческого капитала двух стран. Ведь именно новое поколение квалифицированных специалистов с высокими нравственно-этическими ценностями и сильной гражданской позицией будут составлять основу устойчивого развития современного общества.

Консорциум является консолидирующей площадкой и содержательным преемником целей и задач, заложенных в основе программы партнерства «Зеленый мост», инициированной и предложенной на 66-й сессии Генеральной Ассамблеи ООН Президентом Республики Казахстан

Нурсултаном Назарбаевым.

Взаимодействие вузов-участников консорциума будет способствовать реализации совместных инновационных образовательных программ и научных исследований, продвижению концепции устойчивого развития и эффективному переходу стран к «зеленой экономике».


Как было отмечено в ходе подписания документа, создание консорциума «Зеленый мост через поколения» усилит интеграционные процессы стран-участниц Евразийского экономического союза в научно-образовательной сфере.

Соб.конт.

## БҮГІНГІ САНДА:

НАШИ НА  
AMAZON!

2-стр.



1666 РЕТ

3-бет




РУХАНИ ЖАҒҒЫРУ  
АЯСЫНДАҒЫ  
ФИЛОСОФИЯ ӘЛЕМІ

8-бет



# НАШИ НА AMAZON!



Мутанов очень достойно продолжает традиции восточной философской поэзии, развивает её в стиле модерн, мудро объединяя красивое – с полезным, рациональное – с

иррациональным. Ибо творчество его – это стремление не к сиюминутной капризной моде, прихоти и выгоде, а аккомодация к вечности».

Джеймс Петрик, доктор философии университета Огайо считает, что «Сияющий свет» – это «заслуживающее внимания литературное достижение. Голос Галыма Мутанова как глубоко казахский, так и глубоко человеческий, его стихи созвучны творчеству Абая по глубине и подвижности в выражении как казахской культуры, так и универсальных тем человеческого опыта и переживаний. Знаю, что буду возвращаться к этой книге вновь и вновь, особенно тогда, когда моя душа нуждается в подпитке. Я с энтузиазмом рекомендую всем прочесть ее».

Книга уже обрела самостоятельную орбиту, отражая свет души автора, ищущего ответы на вечные вопросы бытия. Свечение истины согревает круг многочисленных читателей и поклонников творчества Галыма Мутанова.

Пресс-служба

Известное издательство Великобритании «Glagoslav Publications» выпустило в свет сборник стихов на английском языке «Shining Light» («Сияющий свет») Галыма Мутанова.

Его стихи, переведенные и изданные на турецком, азербайджанском, фарси, русском и украинском языках, удостоены нескольких международных литературных премий и наград и получают все большую популярность у ценителей литературного творчества за рубежом. Так, крупнейшая в мире американская компания «Amazon.com» проявила заинтересованность в сборнике «Shining Light» и разместила его в своем Интернет-магазине.

Информация о книге доступна также на популярных специализированных книжных и страновых онлайн порталах, и профессиональные суждения о книге не заставили себя долго ждать.

География позитивных откликов широка: от Евразии до Канады и США. Как справедливо отмечает выдающийся украинский поэт, литературовед Василий Слупчук, «Галымкаир

PEKTOPAT

## Келелі жиын

Бұл жолғы ректорат мәжілісі студенттердің оқу жетістіктерін сырттай бағалау нәтижелерін саралаудан басталды.

Мінбеге көтерілген білім беру бағдарламалары сапасын бақылау қызметінің жетекшісі Айгүл Байнәсерова биылғы ОЖСБ-2017 нәтижелерін баяндады. Оның айтуынша, «ОЖСБ-ның нәтижелерін өңдеу ұлттық тестілеу орталығының филиалдарында жүргізіліп, тест барлық мамандықтар бойынша үлгілік оқу жоспарында қарастырылған пәндер негізінде кешенді тестілеу түрінде өтті. ОЖСБ-ны жүргізу үшін тест тапсырмаларының мазмұны жалпы білім беретін оқу бағдарламаларының негізінде әзірленді, олардың мазмұны көрсетілген бағдарламалар шеңберінде болды», – деді жетекші. Сондай-ақ ол барлық мамандықтар бойынша кешенді тестілеуге қатысқан студенттердің тестілеу нәтижелері мен әр факультет негізіндегі тестілеу қорытындысының көрсеткіштеріне жекелей тоқталып, жетілдірілуі тиіс тұстарға назар аударды.

Келесі кезекте Қазақстан мен Ресей аймақаралық ынтымақтастығының XIV форумы шеңберіндегі ректорлар форумы туралы оқу жұмысы жөніндегі проректор Асқар Құсұпбекұлының баяндамасы тыңдалды. «Форум аясында ҚазҰУ ректоры Ф.М. Мұтанов және Ресейдің бірінші Президенті Б.Н. Ельцин атындағы Орал федералдық университетінің ректоры В.А. Кокшаров «Жасыл көпір ұрпақтан-ұрпаққа» халықаралық ғылыми-білім беру консорциумын құру туралы декларацияға қол қойылды. Іс-сапар барысында Қазақстан мен Ресей ЖОО арасында бірлесе жобалар әзірлеу, білікті мамандар даярлау, жасыл технологияларды дамыту, ғылыми зерттеулер жүргізу сынды әртүрлі бағыттар қамтылды», – деді проректор.

Сондай-ақ жиын барысында медицина факультеті – Қоғамдық денсаулық сақтау жоғары мектебінің деканы Жанна Қалматаева «Оңтүстік Корея медицинасындағы жана технологиялар» халықаралық семинарының қорытындылары туралы баяндама жасады. Ол «халықаралық семинар шеңберінде 18-27 қазан аралығында ҚазҰУ-дың диагностикалық орталығында тегін медициналық кеңес өтіп, Ёнсе университетінің «Кангнам Северанс» және «Шинчхон Северанс» ауруханаларының дәрігерлері жүрек-тамыр аурулары, қан қысымының артуы, жүрек қыспасы мен жалпы медицина бойынша тегін кеңес берді. Бұл қатты сырқаттанған науқастарға көп көмегін тигізді. Сондай-ақ медицинадағы жана технологияларды меңгеру, құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалана білу тұрғысында Оңтүстік Корея мамандары тарапынан біздің мамандарға дәрістер оқылды», – деді декан.

Жиын соңында университет дамуы жолында ұзақ жылғы жемісті еңбегі үшін физика-математика ғылымдарының докторы, жылу физикасы және техникалық физика кафедрасының профессоры Әлия Асқарова мерейтойына орай «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ дамуына қосқан айрықша үлесі үшін» алтын медалімен марапатталып, студенттерге шәкіртақы табысталды.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Жалғасы. Басы 1-бетте

Ғасырдан соңғы жүздесу:

# «АЙҚАП» ЖУРНАЛЫ – ЧЕЛЯБИ ФОРУМЫНЫҢ РУХАНИ ТҰҒЫРЫ

Троицк қаласының басшысында болған қабылдауда ҚазҰУ ректоры Ресей мен Қазақстанның 130 жоғары оқу орны тұңғыш рет қатысып отырған Челябині форумының жоғары мектептің көкейтесті сауалдарын шешудегі міндеттеріне, соның ішінде академиялық ұтқырлық пен рухани жаңғыру мәселелеріне тоқталды. Осы орайда айтулы дата – ағартушы, редактор, көсемсөзші М.Сералиннің туғанына 145 жыл толу мерейтойы форум мақсатымен үндестік тауып жатты. Бастауында М.Сералин тұрған, қазіргі таңда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ қайтадан өмірге әкелген «Айқап» журналы Қазақстан, Ресей және Орталық Азия елдері арасындағы рухани көпір болып табылады.

Троицк қаласының басшысы жоғары оқу орындарының жемісті ынтымақтастығы идеясына қолдау білдіріп, тәуелсіз Қазақстан жетістіктерін атап өтті. Оңтүстік Орал аграрлық университетін аралау кезінде Ресейдегі ең ірі анатомиялық экспонаттар жиыны көрсетілді, бұл көрнекі құралдар соның ішінде Қазақстан мен Орталық Азиядан келген «Ветеринария» мамандығы бойынша білім алып жатқан студенттерді оқыту барысында қолданылады



екен. Тарихи іргетасы ертеде қаланған аймақта білім беру саласына зор маңыз беріледі. Мұнда жыл сайын жырақ шет елдерден келген ғылым қайраткерлері бас қосатын Расулев оқулары өткізіліп тұрады. Сапар барысында әл-Фараби

атындағы ҚазҰУ бұл басқосуға ресми түрде шақырылды.

ҚазҰУ ректоры сыйға тартқан М. Сералиннің портретін, «Айқап» журналының тақырыптық триптихын, қазіргі «Айқап» журналының даналары мен бірқатар кітаптарды Троицк қаласының әкімшілігі, өлкетану мұражайы, диаспора өкілдері ықыласпен қабылдады. Университет делегациясының келгенінен құлақтанған мәдени орталықтар мүшелері облыстың әр қиырынан Троицкіге келіп жатты. Троицк қаласының «Ақ Жайық» вокалдық тобы мен Қазақстаннан келген студенттер өнерін жиналған жұртшылық тамсана тамашалады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ бұдан бір ғасыр бұрын Алаш қайраткерлері негізін қалаған қоғамдық сананы жаңғырту дәстүрін Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар» атты бағдарламалық мақаласын жүзеге асыру аясында белсенді түрде дамытып келеді. Алматы – Костанай – Троицк – Челябині түйінді торабы форум өткізілген күндері өз тағдырына бей-жай қарай алмайтын халықтар мен мемлекеттерді шекаралық Үй өзенінің бойында тоғыстырды.

Жетпісбай БЕКБОЛАТҰЛЫ



ҚазҰУ-да Т. Әбдіқовтің 75 жылдығына арналған шығармашылық кездесу өтті

Недавно прошел международный семинар по программе Европейского союза Erasmus plus в третьем по численности жителей городе в Ирландии, Лимерике. Это был очередной семинар по теме «Developing Trans-regional information literacy for lifelong learning and knowledge economy» программы Erasmus +, который продвигает новые подходы обучения молодежи в процессе интернационализации образования и развития важного принципа образования – «обучение в течение всей жизни», что позволит выпускникам вузов стать мобильными на рынке труда.

## МЕЖДУНАРОДНАЯ ПРОГРАММА ERASMUS+



Данная программа способствует активизации мобильности не только студенческой молодежи, но и сотрудников, тем самым качественно развивая стратегическое партнерство между учеными, преподавателями. Примером этому и явился международный семинар в Лимерике, позволивший преподавателям ведущих вузов мира обсудить образовательные программы по дисциплине «Academic writing» и аспекты обучения студентов специальности «Библиотечное дело» в контексте распространения информационной грамотности. Если посмотреть географию участников научных сессий семинара, то представляешь масштаб и

вектор деятельности данной программы. Преподаватели разных регионов Российской Федерации (Дальневосточный федеральный университет (Владивосток), Мордовский государственный университет (Саранск), Балтийский федеральный университет (Калининград), Санкт-Петербургский университет, Петрозаводский государственный университет, Технологический университет Пекин, Университет Дрездена (Германия) и Технологический университет Лимерик (Ирландия) приняли участие в работе семинара.

Казахстан был представлен преподавателями КазНУ им. аль-Фараби (д.и.н., профессор Г.С. Султангалиева и доктор PhD Д. Карагойщикева), Аграрно-технического университета имени С. Сейфуллина и Костанайского государственного университета имени А. Байтурсынова. Ирландские ученые (Jerald Cavanagh и Padraig Kirby) предложили механизмы улучшения качества исследовательского мастерства студентов, познакомили участников семинара с опытом европейских вузов по расширению информационной грамотности студентов и умению правильно находить качественную информацию в интернет-пространстве. На заседаниях сессий шел обмен мнениями о качественном содержании программы дисциплины «Academic writing» и были предложены различные варианты и возможности по улучшению методики преподавания этой дисциплины, знаний и навыков в области развития научного потенциала студентов. Все участники семинара разработали рекомендации по совершенствованию обучения студентов научным методам исследования. Международный семинар дал уникальную возможность для расширения и укрепления сотрудничества с университетами из стран-участниц Программы Erasmus+, найти партнеров для реализации будущих проектов.

Г.С. СУЛТАНГАЛИЕВА,  
Д. КАРАГОЙЩИЕВА

## 1666 РЕТ

Бүгін қолыңызға алып отырған «Қазақ университеті» газетінің 1666 саны. Алғаш 1948 жылы 20 сәуірде жарық көрген университеттің төл басылымы, міне, 1666 рет басылып отыр. Газеттің жеке тарихы үшін бұл шығарылымның орны ерекше.

### ■ ОҚЫРМАН ПІКІРІ

## УНИВЕРСИТЕТ ТАРИХЫНАН СЫР ШЕРТКЕН БАСЫЛЫМ

«Қазақ университеті» газеті – ҚазҰУ-дың тыныс-тіршілігін, өмірін, өнегесін баяндап келе жатқан, тарихы бай, өзіндік мәні мен мазмұны қалыптасқан ерекше басылым. ҚазҰУ тарихын өзінің сарғайған парақтарына сағына жұтқан басылым уақыт өтсе де өзінің сыршылдығын жоғалтқан емес.

Басылымда әр жылдың тарихы бар, ойы бар, философиясы қалыптасқан. Белді университеттің беделін көтеріп, мерейін үстем еткен де дәл осы басылым. Бұл күндері «Қазақ университеті» ешбір басылымнан кем түсіп жатқан жоқ. Керек десеңіз, ұлтқа қажетті ойларды да, маңызды мәселелерді де көтеріп келеді.

Еңбек жолын осы университеттің дамуына арнаған ұстаздардың өнегелі ғұмырының газеттің мерейтойлық айдарында жиі көрініс табуының өзі тарихқа, ұлт ұстазына деген

ерекше құрмет деп білеміз.

15 факультеттің жаналығы да назардан тыс қалған емес. Өз факультетінді ғана емес, өзге факультеттің де ілкімді істерінен құлағдар болу – қашан да өз ортаңмен байланысты үзбедің бір сәулесі іспетті.

Бүгінде ректорымыз, академик Ғ.Мұтановтың бастамасымен құрылған жобалар да апталық басылымда жиі беріліп отырады. Ол дегеніміз оқытушы-профессорлар құрамы мен студенттердің мәнді жобаларға бей-жай қарамайтындығын, өзіндік үлесін қосып келе жатқанын баяндаса керек-ті.

Университет – рухты мекен. Қаншама ұлағатты ұстаздардың жастарға білім мен тәрбие берген ордасын ұмытпау – әрбір түлектің міндеті. Басылым да бұл тұрғыда жан-жақты ізденіп келеді. Түлектер лебізін жеткізуден шаршаған емес. Байыпты басылымның ұжымына айтар алғысымыз шексіз. Жұмыстарыңыз алға жылжып, талайым табыстарға жете беріңіздер. Бүгінгі №1666 нөмірлеріңіз құтты болсын, басылымның



ғұмыры жақсылықтармен сүйіншілетіп отырсын!

Жақыпбек АЛТАЕВ,  
«Әл-Фараби» орталығының директоры,  
философия кафедрасының профессоры,  
газеттің тұрақты оқырманы

Бүгінде №1666 нөмірі қолымызға тиіп отырған «Қазақ университеті» газеті 69 жылдан астам уақыттан бері университеттің сан қырлы өмірінен сыр шертіп келеді. Сондықтан да газетімізді ҚазҰУ ұжымының «айнасы» десек қателеспейміз.

«Қазақ университеті» оқу орнының басты жаңалықтарымен қатар, мемлекетіміздің тұрақты даму стратегиясы, Елбасымыздың халық алдына қойған міндеттері, оның ішінде білім, ғылым саласын жаңғырту, ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу, саяси және экономикалық жаңғыруға бағытталған ғалымдарымыздың ой-пікірлерін, атқарылып жатқан шараларды жариялап отырады.

Соңғы жылдары университетімізден білім алуға көптеген шет елдердің жастары келді. Мәселен, АҚШ, Жапония, Қытай, Корея, Ауғанстан, т.б. Олар қазақ тілін үйреніп, дәстүрін танып, мақтанышпен газет бетіне жариялауда. Бұл ретте газет редакциясының оның тәлім-тәрбиелік мәнін түсініп,

## ҚАЗҰУ ҰЖЫМЫНЫҢ «АЙНАСЫ»



насихаттауының маңызы зор деп білемін. Сондай-ақ жастарға интернационалдық, патриоттық, моралдық тәрбиенің де мәнін көрсетуде редакция ауыз толтырарлықтай жұмыстар атқаруда.

Құрылғанына 83 жылдан асқан біздің университетіміз – білім беру саласының

үздігі. Мұндай дәрежеге жету үшін талмай еңбек еткен тұлғалардың, университет басшыларының, ғалымдардың, ұстаздардың, белсенді жастардың өмірін, ел білімі мен ғылымының дамуына қосқан үлесін газет тілшілері жастарға үлгі-өнеге ретінде насихаттап жазып отыратынын да атап өтуге тиіспіз. Ұлағатты ұстаздарымыздың тәлімді істерін еске алып, газет бетіне жариялау арқылы жақсылықты жастардың санасына сіңіруде газетіміздің еңбегі зор.

Мазмұнды материалдарымен ғана емес, көркемдік безендірілуі жағынан да жылдан-жылға өсіп, жанарып келе жатқан төл басылымымыздың ұжымына шығармашылық жетістіктер тілеймін!

Сұлтан ТӨЛЕУХАНОВ,  
биофизика және биомедицина  
кафедрасының меңгерушісі,  
профессор,  
газеттің тұрақты оқырманы

«Қазақ университеті» газетінің ұжымы

На факультете международных отношений прошла открытая лекция  
«Предотвращение и сокращение безгражданства в Центральной Азии»

**2005 жылы ЮНЕСКО Бас конференциясының 33 сессиясында жарияланған философия күні деп атап өту шешіміне байланысты университетіміздің философия және саясаттану факультетінің жанындағы «Кіші Фараби академиясының» ұйымдастыруымен зиялы оқырманды ойға шақыратын іс-шара өтпек. Осыған орай, философиялық дүниетанымның өзіндік тәлғумалық болмысын ойталқысына салғымыз келеді.**

# Рухани жаңғыру аясындағы ФИЛОСОФИЯ ӘЛЕМІ

десек те, олардың болымсыз идеялары парасатты ойлайтын философтар тарапынан сынға ұшырап жатады.

Философиялық рух – өзін-өзі тани алатын, өзіне-өзі өткір сынмен қарай алатын, өзінің кемелденгендігіне сенімді болатын, бүкіл әлемді өзінің ой арнасына сыйдыра алатын, қаншама философ болса, сондай әрқилы, бірін-бірі қайталамайтын философиялық ойлар туындағанмен, олардың барлығын тұтастандыратын, өзіне-өзінің көңілі толғатын, рухани эволюцияның көптеген тұстарының жауапкершілігін де өз мойнына жүктей алатын, кез келген өткір де, айтуға тыйым салынған, үрей туғызатын т.б. мәселені батыл ой талқысына салатын, философтарға философиямен шұғылданғаны үшін өздерін бақытты сезіндіретін, бірегейленудің абсолютті үлгісін паш ететін, абсолютті ешнәрсенің болмайтындығын философтардың санасына оңай сіңіре алатын, философқа философ болғандығы үшін кең дүниетаным сыйлайтын ізгілікті құбылыс.

Ендеше, адамзат тарихының рухани өмірінде философия ғылымы ешқашанда да қажетсіз, маңызсыз ілім болған емес, бірақ кей сәттерде оның мәртебесі аласаруы ықтимал. Бұл – философия ғылымы тарих сахнасынан жоғалды деген сөз емес, философиялық рухтың жана серпінге аяқ басыуының алғышарты десек те болады.

Елбасының рухани жаңғыру туралы мақаласында айтылғандай, қоғамдық ғылымдарды өркендету, оны жүйелі және тиянақты түрде теренірек оқытуды қолға алу қажеттігі философия ғылымының әдіснамалық, жолбасшылық, болжамдық т.б. қызметтеріне сәйкес, бұл ілімге да айрықша назар аудару керектігін қайтадан ұғындырғандай. Мәселен, бұрынғы кеңестік білім беру жүйесінде, жоғары оқу орнының барлық мамандықтарының 2-курс студенттеріне жалпы философия курсы, 3-курс студенттеріне этика мен эстетика, дін мен атеизмнің тарихы мен теориясы, 4-курс тағы білім алушыларға логика, ал 5-курс та саясаттану пәні оқытылатын-ды. Бүгінде тек философия ғана сақталып қалды. Ендеше, қалған пәндердің білім беру бағдарламаларынан алынып тасталуының әлеуметтік зардаптары, әрине, сол сәтте емес, бірнеше жылдардан кейін бірте-бірте байқала түсетіндігі даусыз. Мәселен, логиканың оқытылмауы ғылым



дамуына айтарлықтай кедергілер келтіреді. Формальді логиканың заңдары мен ұғымдарын, ондағы операцияларды, классификацияның ережелері мен аргументтеуді, теорияларды дәйектеу мен жоққа шығаруды меңгермеген ғалым кемелденген ақыл ой иесі болады деп айта алмаймыз. Қазіргі интеллектуалды ұлт қалыптастыру саясаты, сыни және креативті ойлауды дамыту, білімнің салтанат құруы, инновациялық оқытуға деген ұмтылыс т.б. үдерістер, түптеп келгенде, логика пәнін теренірек меңгеру арқылы өрістеуге қарай қадам баспақ.

Сондай-ақ, болашақта адамзатты алаңдататын, тіпті «ғаламдық рухани мәселелер» қатарынан орын алуы ықтимал құбылыс – моральдік құлдыраудың алдын алу, халқымыздың батыстық құндылықтардың жағымсыз жақтарын қабылдай бастауы, ұлттық этиканың бірегейлене алмауы, т.б. келенсіз жағдайларды тежеуге тиісті парыздарымыз да, шындап келгенде, философияға, әсіресе, мораль, өнегелілік мәселелерімен айналысатын этика іліміне аса үлкен жауапкершіліктер жүктейді.

Адамзат дамуының дағдарысты кезеңдегі «Енді не істеу керек?» деген сауалдарға да философия жауап беруге ұмтылып қана қоймайды, барша адамзатқа өзінің нақты шешімдерін де паш ете алады. Мәселен, өткен ғасырдың жетпісінші жылдары Рим клубының философтары сол кезеңдегі және қазіргі кездегі туындауы ықтимал ғаламдық мәселелерді толғап қана қойған жоқ, белгілі бір деңгейде шешудің жолдарын да ұсынған еді. Қазір де техника философиясы, экологиялық философия, футурологиялық философия, медицинаның философиялық мәселелері, т.б. салалар адамзатты тығырыққа тіреп, «Енді қандай жолмен даму керек?» деген өмірмәнділік сауалға өзіндік тың, іргелі, онды, игілікті және әриқилы, әртарапты, жалпы бағдар беретін көп нұсқалы пікірлерін ұсынып келеді.

**Л.Ә. АСҚАР,**

*филол.ғ.к.,*


*философия кафедрасының доценті;*

**Б.М. АТАШ,**

*филол.ғ.д., Қазақ ұлттық аграрлық университетінің профессоры*

**«Дүниежүзілік философия күнінің» басты идеясы – қоғамда болып жатқан жаһандық социомәдени жаңалықтарды ортақ бір платформада талқылауды жүзеге асыру. Сонымен қоса халықты философиялық мұрамен таныстыра отырып, тың идеялармен бастамалардың негізінде ойлана білуді дәріптейді. Әрі жалпыға ортақ дебаттар мен дискурстар ұйымдастыру. Жастарды сыни тұрғыда ойлауға баулу, еркін ойлауды дамыту, философияға деген қызығушылықты оятуды да мақсат етеді. Жалпы қоғаммен байланысты нығайту үшін түрлі ғылым салаларының әдістемелік ерекшеліктерін ескере отырып, түрлі ғылымдар мен қоғамның арасындағы үйлесімділікті орнату барысында философия алтын көпір іспеттес.**

## ДҮНИЕНІ ТАНЫП, БІЛГІҢ КЕЛСЕ...



Бүгінде Бүкіләлемдік философия күнін ЮНЕСКО-ның мүшелігіндегі 70-тен астам мемлекет атап өтеді. «Дүниежүзілік философия күні» Қазақстанда да аталып өтіледі.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық универ-

ситетінің философия және саясаттану факультетінің философия кафедрасы «Дүниежүзілік философия күнін» ерекше атап өтеді. Мақсаты – философияны жанаша негізде жанғырту, жалпы өмір сүру барысынан бастап ғылыми

ашылулармен ой-толғаулардың туындауы үшін берері мол екендігін ашып көрсету.

Айтулы күні жыл сайынғы дәстүрмен философия кафедрасы «Философия таңдау және мамандық» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясын өткізеді. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция заман талабына сай интерактивті бағытта өрбиді, қоғамдағы, ғылым мен саясаттағы жаңашылдықтар ескеріле отырып, инновациялық, жаһандық маңызы бар идеялар талқылауға ұсынылады.

«Дүниежүзілік философия күні» мерекесінің аясында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың философия кафедрасының ұйымдастыруымен «Философия» мамандығы бойынша пәндік олимпиада өткізіледі. Пәндік олимпиадаға Қазақстан қалаларындағы беделді университеттердің студенттері қызығушылық танытуда. Шара жоғары деңгейде өтеді деп күтілуде.

**Ғалия ӘБДІХАПАРОВА,**

*философия кафедрасының оқытушысы;*

**Жамбыл МЫРЗАБЕКОВ,**

*философия кафедрасының*

*1-курс PhD докторанты*

**Ұлыбританияның белгілі баспаларының бірі - «Glagoslav Publications» жақында «Shining Light» деген атаумен академик Ғалым Мұтановтың өлең жинағын шығарды**

## МАТЕМАТИКА ӘЛЕМІНІҢ МАЙТАЛМАНЫ



**Университетіміздің биыл «QS Дамушы Еуропа және Орталық Азия» халықаралық аймақтық рейтингінде 10 үздік ЖОО қатарына кіргенін баршамызға аян. Бүгін аталған игілікті іске ұйытқы болған азамат, механика-математика факультетінің дифференциалдық теңдеулер және басқару теориясы кафедрасының профессоры Мұратхан Құдайбергелұлы Дауылбаев ағалықтың асқары 60 жасқа толып отыр.**

Мұратхан Құдайбергелұлы Жер жанны Жетісуда дүниесі ашып, орта мектепті ойдағыдай аяқтаған. Ол қазіргі замандағы басым бағыт — Қазақ ұлттық университетінің «Қолданбалы математика» мамандығына 1974 жылы студент болып қабылданады. Сол кезден бері еліміздің ғылыми кадрларын дайындау ісін өркендету жолында аянбай еңбек етіп келеді.

Ұяда көрген тәлімді тәрбие мен біртуар азамат академик Құлжабай Әбдікалықұлы Қасымовтан алған тәжірибе жетегімен студенттік, аспиранттық сатылардан өтіп, жинаған ой тұжырымдарының нәтижелерін кандидаттық диссертацияға айналдырған соң кара шаңырақ Қазақ ұлттық университетіндегі бойға сіңген жаңа идеялар мен өрелі ойларды жастарға арнады. Студент жастарды оқыту мен тәрбиелеу ісіне қосқан үлесінің өзі бір төбе! Қазіргі майталман математикке айналған талай тұлғаны алыс-жақын шетел мектептеріне жіберіп, шындаған Құлжабай Әбдікалықұлындай ұстаздың Мұратханды жанынан бір елі шығармай, жақын тартуға себеп болған сергек сенімінің ақталғандығын көріп отырмыз. Докторлық диссертациясын табысты қорғаған соң ардагер ағамыздың өзі талай жыл басқарған кафедраның тізгінін Мұратхан Құдайбергелұлына сеніп тапсыру осыған айғақ болса керек. Жаңа заманның онтайландыру саясатына сай кафедралар біріктірілген кезден бері оның егеменді еліміздің туын биіктетер басты шаралардың бірі — білім бұлағын молайту жолында, жас ғалымдар тәрбиелеу ісінде, көптеген ғылыми жұмыстарға бас-көз болып, талай-талай тақырыптағы туындылардың жарық көруіне себепкер болғаны да белгілі.

Алыс-жақын шетелдік конференциялардың жұмысына белсене ат салысып, сол ел ғалымдарымен қоян-қолтық араласып, бір монография, үш оқу құралы мен сексеннен астам ғылыми мақалалар жарыққа шығарған, «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» грантының иегері, көркем мінезді Мұратхан Құдайбергелұлының ел игілігіне әлі талай қызмет ететініне күмән жоқ! Ол — республикамыздағы білім ордаларының кара шаңырағы — Қазақ ұлттық университетінің жарты ғасырға жуық ғұмырының куәгері.

Құрметті Мұратхан Құдайбергелұлы, Сізді барша әріптестеріңіз бен шәкірттеріңіз мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтайды. Шабытыңыз шарықтап, көкірегінде оты бар жалын-жастардың ғылым әлеміне деген құштарлығын оятар қабілетіңіз қарқынынан таймай, отбасыңыздың алтын дінгегі болып, елімізді елең еткізер елеулі еңбектер тудыра беріңіз.

*Дифференциалдық теңдеулер және басқару теориясы ұжымы атынан*  
**Иманқұл Төлеухан Шойбасұлы,  
Уансов Алпамыс Болатұлы**

## ҒАЛЫМ, ҰСТАЗ, ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ

**Бүгінде философия ғылымдарының докторы, философия және саясаттану факультеті, дінтану және мәдениеттану кафедрасының профессоры Тұрсын Хафизұлы Ғабитов – 70 жаста.**

ҚР Әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі, «Құрмет» орденінің, А. Байтұрсынов атындағы медаль иегері, Ы. Алтынсарин атындағы сыйлықтың лауреаты, «Қазақстан он жылдығының үздік кітабы», «Ұлы Жібек жолы» халықаралық кітап жәрмеңкелерінің лауреаты атанған «Мәдениеттану» оқулығының авторы, «ҚР Білім беру саласының құрметті қызметкері», философия ғылымдарының докторы, профессор, мәдениеттанушы Тұрсын Хафизұлы Ғабитовтың 1971 жылы қазақтың кара шаңырағы атанған ҚазМУ-ды үздік дипломмен тәмамдағаннан бергі ғұмыры киелі білім ордасымен тығыз байланысты. 1977 жылы философия ғылымдарының кандидаты, 1997 жылы философия ғылымдарының докторы дәрежесіне ие болды. Ассистенттік қызметтен бастап, оқытушы, доцент, республикамызда алғаш ашылған мәдениеттану кафедрасының меңгерушісі лауазымына дейін көтерілді.

Т.Х. Ғабитовты өмірден тоқығаны мол, кең ойлап, ұзаққа көз тастайтын ғалым, әріптестері мен шәкірттеріне қамқор аяулы азамат, аға ретінде жақсы білеміз. Бүкіл саналы ғұмырын білім, ғылым, мәдениет саласын дамытуға арнаған белсенді қызметіне, тың ғылыми жаңалықтарды енгізуде озық ойлайтын дара қабілетіне тәнтіміз. Өнегелі өмірі жастарға үлгі.

Ғалымның тікелей жетекшілігімен еліміздегі алғашқы мәдениеттанулық зерттеу жұмыстары ұйымдастырылды. Қазақ мәдениеті тарихын зерттеудің теориялық мәселелері және отандық мәдениеттану ғылымының теориялық-әдіснамалық мәселелері анықталыны.

Т.Х. Ғабитов мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасын жүзеге асыруға белсенді атсалысты. 2006-2008 жылдары «Әлемдік философиялық мұра» және «Қазақ халқының философиялық мұрасы» секцияларының мүшесі, ғылыми мақалалардың авторы және 6 томның құрастырушысы болды. Сонымен қатар ғалым «Қазақская культура», «Қазақ этикасы мен эстетикасы», «Қазақтың тарих философиясы», «Қазақ ағартушыларының философиясы», «Исламға дейінгі түркі халықтарының мифологиясы мен діни сенімдері», «Әл-Фараби мен Ибн Сина философиясы», «Русско-казахский толковый словарь по философским наукам» сияқты 60 анықтамалық және терминологиялық мақалалардың авторы және аудармашысы болғандықтан энциклопедиялық қозғалыстың белсенді мүшелерінің бірі ретінде белгілі.

Т.Х. Ғабитов — танымал ғалым және қоғам қайраткері. Қазақ халқының рухани мәдениетінің дамуына зор үлесін қосуда «Диалог Евразия» халықаралық қоғамдық қорының, «Зерде» мәдениет қорының,



«Азаматтық білім» қорының мүшесі болып табылады. Оның ғылыми және педагогикалық қызметі еліміздің аумағынан тыс та танымалдыққа ие. Нәтижелі халықаралық серіктестігі үшін Ауғанстан Республикасының «Факел революции» медалімен, Түркияның Ататүрік атындағы мәдениет орталығының Құрмет грамотасымен және т.б. марапатталған.

Т.Х. Ғабитов дарынды ғалым, тамаша ұстаз, дәріскер ретінде көпшілікке белгілі. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультетіндегі мәдениеттанулық пәндер бойынша оқылатын дәрістері берілу белсенділігі, игеру жеңілдігі, ғылыми және өмірлік тәжірибеден алынатын айрықша мысалдармен, талқыланытын және шешілетін мәселелердің тереңдігімен ерекшеленеді.

Ол 200-ге жуық жұмыстың авторы, олардың 35-і — жеке және ұжымдық монографиялар, оқулықтар мен оқу құралдары. Оның жетекшілігімен 6 ғылым докторы, 40 ғылым кандидаты диссертацияларын қорғап шықты. Т.Х. Ғабитовтың «Қазақ философиясы» және «Қазақ мәдениетінің типологиясы» атты монографиялары республикамызда кең танымал. Бұл еңбектерде қазақ мәдениеттануы мен философиясының қазіргі ғылымдағы жетістіктері, негізгі түсініктері, қағидалары қарастырылған. Т.Х. Ғабитовтың республика студенттері арасындағы кең танымал

оқулықтары мен оқу құралдары: «Философия», «Мәдениеттану», «Мәдени-философиялық энциклопедия», «Ғылым философиясы мен тарихы», «Құқық философиясы» және т.б.

Т.Х. Ғабитовты өмірден тоқығаны мол, кемел ойлы тұлға деп білеміз. Терең білім, берік ұстаным, іскерлік қабілет және үлкен азаматтық парасаты оны зор құрметке бөледі. Жаны жомарт, қамқор да талапшыл тұлға ретіндегі абзал қасиеттері де көпке өнеге. Өмірлік еңбек пен тұрмыс тәрбиесі, жеке басының кіршіксіздігі тек қана жеке басы мен отбасының ғана емес, қатар жүрген әріптестері, тілектес дос-жаран үшін де зор мақтаныш, абырой, жас ұрпақ үшін нағыз өмір мектебі екендігі даусыз.

Белгілі ғалым, ұлағатты ұстаз әрі белсенді қоғам қайраткері Тұрсын Хафизұлы барша әріптестері мен шәкірттері атынан мерейлі жасымен шын жүректен құттықтаймыз. Отбасыңызға амандық, ауызбіршілік, ел игілігі жолындағы еңбегіңізге табыс, шығармашылық шабыт тілейміз.

**Ә.Р. МАСЛИМОВА,**  
*филос. ғ. д., профессор,  
философия және саясаттану  
факультетінің деканы;*  
**А.Ө. ӨМІРБЕКОВА,**  
*филос. ғ. к.,  
дінтану және мәдениеттану  
кафедрасының доценті м. а.*



**Мен бұл мақаламды Ыбырайым Есенғұлұлы Мамановты еске түсіру мақсатында жазып отырмын. Ол кісі Қазақ мемлекеттік университеті филология факультетінің нығаюына, жетілуіне көп еңбек сіңірді. Ыбырайым ағайдың көз алдында студенттік, аспиранттық дәуірді өткіздім, дәрежелі, мәртебелі қазақ тілі кафедрасында жұмыс істедім.**

## Қамқор ҰСТААЗ

қудаланытынын айтып, қайтпауын сұрайды. Алайда кең далада еркін өскен ұл қалайша калмақ?

Татарлар сәуегей екен, айтқандары келді. «Жалын атып, дүниеге құлаш сермеймін деген жастық шағымының он бес жылы қуғынға түсіп қор болды. Сондағы айыбым – бай баласы болғаным», – деп өкінетін кейде ағай.

Қазақстанға келген бетте түрткіге түсті ағай. Түрлі себеп тауып, бір жерге тұрақтауға мұрша бермейді органдар. Тек 1937 жылы Алматыға келіп, бір мектепке мұғалім болып орналасып, сәті түсіп жайланады. 1940 жылы Ыбырайым Есенғұлұлы С.М.Киров атындағы ҚазМУ-ға қазақ тілінің оқытушысы ретінде шақырылады.

Мен осы университетке қазақ тілінің маманы болам деп 1946 жылы түстім. Сол 1946 жылы бірінші курсқа сабақ беруге еңселі, сабырлы кісі келді. Өзінің аты-жөнін айтты. Қазақ тілінің морфологиясын, теориясын да, семинарын да өзі жүргізді. Сәті түскен бір күні ол кісі маған: «Тақырып берейін, баяндама дайындайсың ба?» – деді. Келесі сабақта тақырып беріп, үйінен Н.А.Баскаковтың «Грамматика ногайского языка и диалекты» және Н.Дыренкованың «Грамматика шорского языка» деген екі көлемді кітапты қолыма ұстатты. Екі кітаптың мазмұны қызық, тартымды екен. Сөздердің, грамматикалық тұлғалардың сипатын ашады, тарихи деректері мені қатты құлшындырды. Баяндамама ұстазға ұнады. Содан былай Ыбырайым аға мені көзінен таса қалдырмады.

1947 жылы ұстаз көрінбей кетіп еді, кейін білдім, Ленинградқа барып, Ленинград университетінде стажировкада болып, кандидаттық диссертациясын қорғапты.

Ыбырайым Есенғұлұлы «Вспомогательные глаголы в казахском языке» деген тақырыпта диссертация жазып, Ленинград университетінің Ғылыми кеңесінде қорғаған. Ғылыми жетекшісі түркологияның атақты маманы

С.Е.Малов, ғылыми кеңестің мүшелері ретінде кеңестік тіл білімінің ардагерлері – И.И.Мещанинов, В.М.Жирмунский қатысқан зиялы ортада стажировкадан өтіп, диссертация қорғау Ыбырайым ағайға тың серпін берді. Түркологиялық ғылыми ортаға танымал етті. Ы.Есенғұлұлы басына түскен әділетсіз зобаланның бәрінен ашынбай, адамдық касиетін де түсірмей, абыроймен өтті. Өмірге деген құштарлығын, адамға деген сенімін жоғалтқан жоқ.

Ол кезеңдерде жоғары оқу орындарында, ғылыми мекемелерде кандидаттық ғылыми атағы бар мамандар өте тапшы болатын. Осы орындардың өзінде жұрт диссертациялық жұмыс жазуға дағдыланбаған еді, ұмтылушылар да көп ұшыраспайтын.

Ыбырайым ағай сол 40 жылдарда-ақ университетке орала салысымен қазақ тілі кафедрасын менгерді, филология факультетінің деканы болды. Алған біліміне, көрген өнегесіне сүйеніп, факультетте оқу-тәрбие, ғылыми жұмыстарды жетілдіруге көп күш жұмсады. Ол кісі студенттердің арасында көп жүретін, жатақханаларда жиі болып, комсомол жиналыстарына қалмай қатынасып тұрды. Мен факультеттің комсомол ұйымы бюросының хатшысы едім, Ыбырайым ағайдың студенттер арасындағы жұмысымен жақсы таныс болдым.

1956 жылы университетті бітірдім. Бір қарасам, бес жыл бірге оқыған, тіпті бес жыл бір бөлмеде жатып, барымызды бөлісіп жүрген достар тым-тырақай шашырап кетіппіз. Университеттің жанындағы көшемен жалғызсырап келе жатыр едім, алдымнан Ыбырайым ағайдың шыға келгені. Ол кісіні көптен көрмеген едім. «Рақыш, жұмысқа қайда баратын болдың?» – деп жөн сұрады. Академияға аспирантураға баратынымды айттым. «Ой, кой оныңды. Кісінің кілті – аспанда. Біздің кафедраға аспирант алу үшін бір орын берді. Сонда кел, құжаттарыңды

соған тапсыр», – деді. Қуанып кеттім. Үш жылда диссертация дайын болды. Ыбырайым ағай қорғау процесінен өтуде де қамқорлық көрсетіп, қорғайтын күні таңертең сағат 7-де телефон соғып: «Тұрдың ба, асықпай тамақтан, саспай, асықпай, ұқыпты кел. Сабырлы бол», – деді.

Ы.Е. Маманов ғылыми-зерттеу жұмысын қазақ тілінің түркологияның өзекті мәселелеріне асықпай, дәйекті, аргументті, фактологиялық базасын салмақты етіп орындайтын. Оның зерттеулері ғылыми ортаға мәлім. Соның дәлелі ретінде ғалымның 1958 жылы өткен «Түркі тілдеріндегі етістік түрі мен сабақтас құрмалас сөйлем проблемалары» атты одақтық координациялық кеңесте басты баяндама жасағанын атауға болады. Баяндаманың тақырыбы: «Плагольные виды и их выражение в казахском языке». Бұл координациялық кеңес өте жоғары нәтижелер берді.

Ыбырайым Есенғұлұлы жазған ғылыми еңбектер мәнін жоғалтқан жоқ, оқулықтары қолданыста.

1976 жылы филфакта қазақ тілі кафедрасының менгерушісі әрі деканы едім. Араб тілі маманын дайындайтын бөлім ашатын болдық. Соның жөнімен Мәскеу, Ленинград бардық. Осы жолда жоғары аттестациялық комиссияға барып орыс тіл білімінен кандидаттық диссертация қорғайтын кеңес ашудың жолын іздедік. Сәті түсті. Кеңесті аштық. Бірінші болып диссертация қорғауға ғалым Ғ.Маманова келді. Ғалия қорғаудан өткен соң, кейінірек Ыбырайым ағай: «Кеңес – бүкіл республикамыздың олжасы. Орыс тілі мамандарына ғылым жолы айқара ашылды», – деп ризашылығын білдірді.

Ыбырайым Есенғұлұлы 40 жылдан аса ұстаздық етті. Ол кісіден білім алып, мамандыққа ие болғандар мыңдаған. Қазір еңбек етіп жүргендер де бірталай. Осы мақаланы оқып, ұстаздың ақ жүзін, адал, ізгі қадамдарын бәрі еске алар деп ойлаймын.

**Рақыш ӘМІР,**

*ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері*

**Өзімді А.Т.Төлеубаевтың шәкірттерінің бірі санай аламын, ол менің зерттеуші этнограф болып қалыптасуымда негізгі рөл атқарды. Әбдеш Ташкенұлымен алғашқы таныстығым 3-курста орын алды. Қазір ол маған кездейсоқ емес сияқты көрінеді. Әбдеш Ташкенұлы «Этнос және этникалық процестер теориясы» курсы оқыды. Материал оңай емес, күрделі, бірақ дәріс берушінің арқасында қызықты болатын. Оның өз мамандығын жақсы көретіндігі көрініп тұратын. 80 жылдары ҚазҰУ студенттері 3-курста мамандану үшін өздеріне кафедра таңдайтын. Бұл қарапайым таңдау емес еді. Өзінің болашақ мамандығыңды, ғылым жолыңдағы бағытты таңдау болатын.**

## ҰСТААЗ ҰЛАҒАТЫ



Ташкенұлы қажетті деректер мен зерттеу әдістеріне тек ұсыныс беріп қана қоймай, қалаулы нәтижеге тиімді мақсатпен жетуге үйретті, осы қозғаушы күш менің сәтті қорғап шығуыма алып келді.

Профессор А.Т. Төлеубаев – қазақстандық ғылым, білім мен мәдениеттегі жарқын және бейнелі ұлттық ғалымдардың бірі. Оның өмірлік жолы мен қызметі отандық археология мен этнологияда маңызды оқиғалар мен тенденцияларды бейнелейді. Біз үшін оның

нанымдар қалдығы, қазақтардың исламға дейінгі және исламданған нанымдары, сондай-ақ 30-дан астам ғылыми мақалаға арқау болды.

Ол отыздан астам этнографиялық және археологиялық экспедициялардың жетекшісі және қатысушысы бола отырып, Отанмыздың көптеген өңірлерін зерттеді. 80 жылдардың соңынан бастап Әбдеш Ташкенұлы Шығыс Қазақстан көшпелілерінің ежелгі және қола дәуіріндегі ескерткіштерін зерттеу бойынша ғылыми топты басқарады, ежелгі белгісіз андроновтық, Беғазы-Дөңдібай, сак-үйсіндік және ерте түріктік мәдениеттердің 400-ден астам ескерткіштері зерттеліп, ашылды. 2003 жылы Әбдеш Ташкенұлының жетекшілігімен археологиялық экспедицияда үшінші «Алтын адам» табылған жерден «Патшалардың алтын қорғаны» табылған болатын.

Ғылыми қызметті әкімшілік қызметпен қатар алып жүру әрбір адамның қолынан келе бермесі анық. Әбдеш Ташкенұлы осы екеуінің үдесінен шыға білген ғалым. Ол жиырма жыл бойы сарқылмас қуат көзі мен идеялар генераторы бола отырып, археология мен этнология кафедрасының менгерушісі болды.

15 қараша туған күні қарсаңында ұлағатты ұстазыма арнап сөз тарқатуды жөн көрдім. Әбдеш Ташкенұлының барша әріптестері, шәкірттері, докторанттар мен магистранттар құттықтап, денсаулық пен ұзақ ғұмыр, отандық археология мен этнологияға қызмет ету ісінде құлшыныс пен табыстар тілейміз!

**С.Х.ШАЛҒЫНБАЕВА,**

*археология, этнология және мұражайтану кафедрасының доценті*



**Зағыпар Оралхан**  
Батыс Қазақстан облысының тумасы.  
ҚазҰУ-дың филология және әлем тілдері факультеті, қазақ филологиясы кафедрасының 1-курс студенті.  
«Көкжиек» ұйымының белсенді мүшесі.

**АУЫЛЫМ МЕНІҢ...**

Сағыныштың лебі ұрып, балалықтың самалы, Мезгілдерді естіртіп, сәби үнді шамалы. Боз жусандар бұлданып, жатырқайды жұпары, Мен кетерде жәутендеп қалған ит те нәлалы. Ауылым менің...

Өмірде бұл тоқтаусыз ескі-жаңа егесі, Жүре алмайды-ау кейінге өткен уақыт кемесі. Қазір бөтен үйімнің ашқан сәтте қақпасын, Жамырайды алдында бала шақтың елесі. Балдаурен кезім...

Қара дауыл құйыны аңсарыма айналған, Құйын тірлік қаладан, шаршағанда сайраннан. Кең жайлаудың қуатын сіміріп те алады ұл, Женгелерім ұйытып әкелетін айраннан. Сағыныш сезім...

Естеліктер ішінде – тентектік-ай жармасты, Тентек тәртіп тентіреп тектілікке алмасты. Мектебімді көргенде жанартулар жасырған Білсең егер бұл мекен, махаббатым, алғашқы Ауылың сенің...

Әр тасаның артынан кішкентай кез сығалап, Еске түсіп еркелік, қуғанымды бұқа, лак. Ең қызығы бүгінде, есті болып сол күнде, Ренжитінбіз отырған көкелерге жұқалап. Жетіпті мерзім...

Көкіректі жас буып, өткенімнің сарқыты Сайрап тұрған сарнайды салып ал деп бір құты. Коштасудың қиыны-ай! Келешектің келтесі! Сағыныштан жас парлап, балалықтың бақыты – Ауылым дедім...

**АҢСАР**

Нұр жаншып Түннің кірпігін таң атар, Шығыстан қатпар тау тырнап көкжиек тұсты қанатар. Азанның қызыл шуақты алақандары Түнге өкпелі арудың бұрымын тарқатар, Жылт етіп елес сәт күнәлі бірқатар. Жанардан сырғыған жастардың жастыққа сінген ісінен Келешек сыр татар, бәлкім...

Өкпесі жоқ ед ешкімнің ешке бұлыңғыр ажалдан басқасы... (желкесі жұлынғыр). Қызығу – кесапат, үмітке у берер – Жалғанның жалмайтын суы кір. Қалған ба сұлуым Жұпары жоғалып, желбіреп тұлым құр. Қиялдың қанаттарында сәмсап ой барады ұшып, інкәрілік құшағында қанша той? Көктің тілімдеп уылжып тұрған пәктігін, Бакыт моншақтап тамса ғой, (Бар болса) елжірегенінде, Құдай, ооой!

Ызындап қыртыстарында мидың ән, Құлаққа естілер әуен ұлысы күйдің һәм. Музам ба? Талмаусырайды, жолатқызбайды, Сезімнің шарабынан жүректе қалған шикіл дәм.

Күлемін! Айуан да күлмейді! Тек адам! Сөйтіп мен жылауық бұлттардан кек алам. Бойымда түнген үрейдің уытын алсам ба? Күлкінің өткір қырына кестіріп тамырдан. Токтай тұр! Сонда мен қалайша келешек тілдесе Жанарға ұйыған мұңдарға сене алам?..

Құштарлық – туатын нәпсіде, тынатын құшақта, Пердесі – махаббат, шексіз де, ұсақ та. Алыста томсарып кезіп жүр бак құсым, Ғашығым екен бе? Білген кім? Сусылдақ нөлдерге кетеді құсап та. Аңсарым шығар...

**ХРОНОФОБИЯ**

Дүрсілдеп уақыттың жүрегі, Сағаттың тілінде соғып тұр. ...О, несі Ажалға керегі, Аузына от көсеп жағып тұр.

Пенделік сынға алып пендені, Пердесін күнәнің көрсетпей. Сайтанның сатырлап келгені – Кеткені рухыңды бөлшектей.

Жамырап жүйкеде дауыстар, Аңсайды жүректен дамылын. Қан соғып қағылған қағыстар, Күтпейді-ау өмірдің дабылын.

Өршіген аспанда шын талас, Енесі езілмек биіктің. Көңіде күпті күй сыңсымас, Күдікті үмітке иіттім.

Мардымсыз масайған мастық кез, Іздеп жүр ес қашқан сәттерін. Шайқалып өте ме жастық тез, Ақынша шимайлап дәптерін.

Дүрсілдеп уақыттың жүрегі, Лүпілі сандармен сөйлейді. Тықылдан келешек тілегі, Жел сініп құлаққа гөйлейді. Өй, мейлі!

**ҚАДАМ I**

Жүгінен өзге артылған тағдырдың, Мұң басып алған... ауыр тым еңсеге. Терендігімізді телміре қандырдым, Тәтті ойға тамып жалаң нұр теңселе.

Біткенмен бітім сомдаумен адамды, Ардың үстінде пенделік қалғиды. (Ең ұлы жандар өрнектеп ғаламды, Ең сұмдық сәтке – суреткер, қанқұйлы.)

Өксіген үрей үркітіп үмітті, Ұшынып кеткен санада қиялым. Кезумен соны өленге ілікті, Көрсете сермеп жүрекке ми әліні.

Буаз бұлттардан сорғалап жанбыр- жас, Алтын тозаны шашылар күннің де. Кезгенде кейбір естелік шалдырмас Өткеннің жүзін шатпақтап күлдім бе?..

Тізіліп арман, максаттар сап құрар, Аңсар құшуға аттанып ес кірер. ...Темір көмейді жұртқандай соққылар, Қимастық үні секілді естілер.

**ҚАДАМ II**

Өкпелетіп алмайын Алматыны, Алматыны, тау-шынын, көшелерін. Күнәсі көп ар қашқан жұмбақ түні, Мұңдарымды білмедім еселерін.

Мұңдарымды білмедім еселерін, Еңкіліне көңілдің ерік бітіп. Алатауға асыққам кеше керім, Бүгін, міне, сезімге серік күдік.

Бүгін, міне, сезімге серік күдік, Қалауынан жүректің қорқып сана. Тілеуінді Тағдыр тұр беріп күліп, Шалқар арман... ал енді сарқып қара.

Шалқар арман... ал енді сарқып қара, Мұның оқы арудың көзіндегі. Махаббатқа бұл жерде бір құт бар, ә? Баянсызын санар кім жүзімдегі...

Баянсызын санар кім жүзімдегі, Үміттерім үркімес үр қалада. Бұлдыр нұрға шомылған ізімдегі Естеліктер үзіліп тұр қадала.

Естеліктер үзіліп тұр қадала, Бүгінім де сеніммен үн қатады. Алматыдан қосылып сырға нала Жайық құшып Батыста Күн батады. Алып кет мені, Күн!

**ЖУРНАЛИСТ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ**

*«Мәңгі лаулап жану үшін ғаламда Үлкен бақыт табу үшін ғаламда Үлкен болып қалу үшін ғаламда Үлкен арман керек екен адамға»,*

– деп халқымыздың аяулы ақыны Мұхтар Шаханов ағамыз өте керемет айтыпты. Расымен де, адамға бақытқа жетіп, алға ұмтылуы үшін үлкен арман керек екен. Арман – адамды алға жетелейтін керемет күш. Міне, арман сонысымен де биік, сонысымен де асқақ! Мен де былш өзімнің 11 жыл оқыған, білім нәрімен сусындаған аяулы мектебіммен қоштастым. Асқақ армандар мен биік белестер алдымыздан қол бұлғайды. «Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та, бар қалан!» деп Абай атамыз айтқандай, өмірден өз орнымызды табу үшін болашақтың іргетасын қаламақпыз. Толқынысқа толы сәтте менің де көңілімде «Болашақта кім болам?» деген сұрақ туды. Ойлана келе, өзімнің жүрегімнің қалауы журналистика екенін түсіндім. Бұл таңдауыма себепші болған ана әлди мен тіліміздің інжу-маржандарын бойыма сіңірткен Игілік атамның өнегелі әңгімелері, Сара әжемнің қызықты ертегілері болса керек. Ал хат танып, кітап оқыған кезімде бай ауыз әдебиеті мен майталман ақын-жазушылардың шығармалары әдебиетке деген, тілге деген құрмет сезімдімізді оята түсті. Әдебиет пәнінен сабақ беретін Айжан апайдың да менің осы салаға қызығушылығымды арттыруда ықпалы зор болды. Бұл мамандыққа жақын болуымның тағы бір құпиясы – тарихи шежіреге тұнған өз туған өлкеміздің сырларын ашып, елімізді еселі еңбегімен өркендетіп жүрген аптал азаматтарды жастарға үлгі еткім келеді.

Журналистика – қызығы мен шыжығы мол, жан-жақты білімділік пен табандылықты қажет ететін жауапты сала. Журналист болу үшін адамға, алдымен, алғырлық, жаңашылдық, өз ісіне деген адалдық, сөзге шеберлік сияқты қасиеттер керек. Журналистер өз шығармашылығы арқылы адамға да, қоғамға да қызмет ете білуі тиіс. Өзіңнің шын талантың мен оқырманды баурап алатын шабытың шындалғанда ғана жақсы журналист бола аласың деп ойлаймын. Өрине, журналист болу кез келгеннің қолынан келетін оңай мамандық емес. Әйткенмен, адам алдына мақсат қойып, талпынса, еңбек етсе, алынбайтын асу жоқ емес пе?! Олай болса, мен де елімнің болашағы үшін өзім қалаған мамандықтың иесі болатыныма және арманымды жүзеге асыруға ҚазҰУ-да алған білімімнің негіз болатынына сенімдімін!

**Сабина ИГІЛІК,**  
*филология және әлем тілдері факультетінің 1-курс студенті*

**15 ҚАРАША – ТӨЛ ТЕҢГЕМІЗДІҢ ТУҒАН КҮНІ**

**Тәуелсіздік жаршысы**

**Ел тарихы мен оның мәдени құндылықтарын дәріптеу, жас ұрпақты патриоттық тәрбиеге баулуға тарих ғылымының алатын орны ерекше. Осы орайда тәуелсіздік жаршыларының бірі – төл теңгенің туған күніне арнап «Төл теңге – тәуелсіздігіміздің айғағы» атты тақырыпта география және табиғатты пайдалану факультетінің 1-курс студенттерінің қатысуымен шара өтіп, теңгеміздің тарихы мен оның ел дамуындағы рөлі сөз болды.**



Кенес Одағы ыдыраған соң бұрынғы одақтас елдер жаппай өз валютасын шығарғаны белгілі. Көп ұзамай біздің де төл валютамыз шықты. Яғни, 1993 жылдың 15 қарашасында теңге дүниеге келді. Тенгенің тарихы ҚР Президентінің 1993 жылдың 12 қарашасында қол қойған «Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын енгізу туралы» Заңынан бастау алады. Арада үш күн өткенде, ел аумағындағы жаңа сауда-саттық жасау құралы ретінде төл ақшамыз қолданысқа енді. Нәтижесінде Ұлттық валютамыз ұлттық экономикамыздың іргетасын қалауға ықпал етті. Бүгінде халықаралық мамандардың

пікірінше, теңге ТМД аумағындағы тұрақты валюталар қатарында. Тенгенің тұр-тұрпатын жасаған алғашқы суретші-дизайнерлердің бірі — Хайролла Ғабжәлелов. Алғашқы теңгені «Harrison&sons» компаниясы Англияда басып шығарды. Қазақтардың төл тенгені қағазға

басып беру туралы тапсырысы компанияның әлемдік деңгейде атын шығаруға себеп болды. Тенгенің арқасында аталмыш компания Ұлыбритания королевасының Алтын белгісімен марапатталып, біздің Ұлттық валютамыз Британия корольдігінің ең үздік экспорттық өнімі аталды. Жер шарына атын шығарған теңгеге құрмет ретінде ағылшын компаниясының бас ғимаратында біздің ақшамыздың суреті салынған такта ілінді. Еліміздің мақтанышына айналған теңгенің тұңғыш келбеті бүгінде мұражайларда тұр. Оларда Әл-Фараби, Сүйінбай, Құрманғазы, Шокан, Абай және Әбілхайыр мен Абылай хандардың суреті бейнеленді. Алғашқысы қағазға басылса, кейінгісі темірден түйілді. Бүгінгі күні теңге тұтастай Қазақстан мен оның халқының дербес тіршілігінің, мемлекет тәуелсіздігінің айғағы ретінде қолданысқа ие болып отыр. Ұлттық ақша осы жылдар ішінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қолдауымен түрлі қаржы дағдарыстарына төтеп беріп қана қоймай, жұртшылық тарапынан инвестициялық сенімге де ие болды. Ел экономикасы өсіп, ішкі жалпы өнім ұлғайғалы бері теңге жұртшылық назарын тұрақты, сенімді валюта ретінде аударып бастады. Сол себепті де төл теңгеміздің құнын біліп қана қоймай, оның ел тәуелсіздігінің символдарының бірі екендігін жас ұрпақ санасынан шығаруымызға болмайды.

**Г.Е. АБИКЕНОВА,**  
*т.ғ.к., Қазақстан тарихы кафедрасының доценті*

# ЖАҚҰТ ЖЫР ӘЛЕМІ



«Абайдың қасқа бұлағы» атты лирикалық туындысымен аяқтады.

Бұл кеште басты кейіпкер ғана жыр оқып қоймай, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасы төрағасының орынбасары, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы Ж.Әшімжан, ҚХР және Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, жазушы С.Сейтхамзаұлы, ақын, журналист Б.Әшірбаев ақынға деген жылы лебіздерін білдірсе, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаттары, ақындар – Р.Ниязбеков пен Ә.Қайран, жас ақындар М.Әлсейітов пен М.Шаймаран арнау өлеңдерін оқыды. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, күйші-композитор Ш.Әбілтай Б.Жақыптың сөзіне жазылған өзінің «Жамбылдың киесі» атты әнін орындап, «Абыл» күйімен, ал белгілі әнші-композитор Ә.Жанияз халқымыздың әйгілі «Алқоңыр» әнімен шашу шашты.

Студент жастар да кешке жиналған қауымды өз өнерлерімен тәнті етті. Автордың

өлеңдерін жатқа оқыған Кәмила Сағат пен Перизат Кәкім, әнші студенттер Ибадулла Құрбан мен Баукең Пайызхан, Нұрғисаның «Аққу» күйін нақышына келтіріп орындаған Ж.Жолекен көрермен жұрт ықыласына бөленіп, ақынның алғысына ие болды. Ойлай білетін механика-математика факультетінің студенттері асқақтата ән салып, музыкалық аспаптарда да шебер ойнайтындықтарын дәлелдеді.

Әдеби-сазды кеш теледидарға түсіріліп, әсерлі шараның соңында Бауыржан Жақып Әл-Фараби кітапханасына өзінің жаңадан басылып шыққан жыр жинақтарын сыйға тартты. Кездесуден зор ләззат алған студенттер ақынның қолтанбасын алып, көтеріңкі көңіл-күймен тарасты.

**Болат ӘБЕНОВ,**

*Қ.Аманжолов атындағы шығармашылық бірлестіктің жетекшісі*

## ФАРАБИ БАБАМ - ҒҰЛАМА

Ақиқатты аша алған  
Адалдыққа тақау боп  
Ер есімі қашан да  
Ұлықталмақ атау боп...

Ой-санаға жасаған иегерлік  
Фараби – Ұл Қазақтай киелі елге...  
...Бұл есімді сондықтан ҚазҰУ сынды  
Басты Білім ордасы иеленді...

\* \* \*  
Білместіктен безінген, мезі болған  
Адамзаттың сәбилік кезі болған.  
Сол кезде Әлем ұстазы екеу болса,  
Бірі – Бабам, біреу ме?... Өзі болған!

Жер шарының халіне алаң болған  
Елең етер адам жоқ заман болған.  
Сол заманда-ақ Ғұлама жер жүзінде  
Осы менің Фараби бабам болған!

Жауып қойып түгелдей пенделікті  
Адамзаттық рухқа ол дем беріпті.  
Жетпіс тілді біліпті Бабам менің,  
Ғылым тілін он сегіз меңгеріпті!

Жасын тастай аспаннан ағып келген  
Ұшқыр ойын ел білген, халық көрген.  
Он бір ғасыр осыдан бұрын Бабам  
Адамзатқа жол сілтеп, бағыт берген.

Түсініктер тұрғанда тұрақ таппай  
Ойды қуаса, қарғыған бір аттатпай!  
Сан саладан жүз алпыс еңбек жазып,  
Қалдырыпты ғаламат трактаттар.

Надандықпен оқысы ойықталған  
Заманы оған сан сауал қойыпты алдан.  
Бір ойларын қалдырған түспалдатып,  
Бір ойларын түп-тура қойып қалған!

Қашан да сол – «жақсы жоқ жаман айтпай»...  
...Бір ойларын шегедей қадап айтқан.  
«Жауыздыққа ақиқат қажет емес», –  
деген сөзді ең алғаш Бабам айтқан!...

...Рас, рас! Бір кеміп, бір өсумен  
Адалдық пен аярлық тіресуде.  
Ойлап тұрсаң, Адамзат тарихы да  
Зұлымдықпен тұрады күресуден.

Аярлықтан жалықса жұрт түңіліп  
Талай асыл халықтың ұқты мұның.  
Бір жақсысы, бізде де болған талай  
Ел ертенін ойлайтын Ұлттың ұлы...

**Нәсіпқали СЕЙІТОВ,**

*геология-минералогия ғылымдарының докторы,  
география, жерді абаттандыру және кадастр  
кафедрасының профессор*

## ХАБАРЛАНДЫРУ

**Түрік тілін үйренгісі келетін барлық оқытушылар, докторанттар, магистранттар мен студенттердің назарына!**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Түрік тілінің ғылыми-білім беру және мәдени орталығында 06.11.2017-25.12.2017 уақыт аралығында 2 айлық түрік тілінің бастапқы (А1 деңгейі) курсы ашылады. Сабактар аптасына 60 минуттан 3 рет (немесе аптасына 90 минуттан 2 рет) болады. Бұл курс түрік тілінің бастапқы практикалық және теориялық негіздерін меңгеруге бағытталған. Курсты толықтай аяқтап, деңгей белгілеу емтиханын тапсырған қатысушыларға **Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Қазақстан) мен Ыстамбұл университетінің (Түркия) сертификаты (А1 деңгейі) беріледі.** Курс бағасы: 15 000 тг (бір айға), ҚазҰУ есеп-шотына төленеді.

**Өтетін орны:** Алматы қаласы, Карасай 95 А (А.Байтұрсынұлы к. қылығы), 431 ауд.  
Байланыс тел. +7-707-921-78-01.  
8727-243-89-26

### Жалғасы. Басы 1-бетте

«Классикалық бөлімде» «Кулау сонатина» туындысы фортепианода ойналып, «Королева красоты» әні шырқалды. Классикалық би мен Модерн биі көптің көңілінен шықты.

Соңғы «Заманауи бөлім» гала концерттің қорытынды шоуына айналды. Бұл кезеңде «Эстрадалық ән» номинациясы бойынша І-орынды иеленген Ақбота Жиенбекова Евровидение-2016 байқауында жеңіске жеткен «1944» атты әнді көпшілікке ұсынды.

Ал, «Жас Фараби» ансамблі «Такси» кинофильмінің саундтрегін жоғары деңгейде орындап шықты. Кешті ерекше таланттарымен көзге түскен студенттер – «Эстрадалық ән»



photo Mara beey

## ТАЛАНТТАР ТОП ЖАРДЫ



номинациясы бойынша І орынды иеленген Сапина Лана, электрогитарада ойнау шеберлігі бойынша І орынды иеленген Нұрышев Жалғас, сондай-ақ, фортепианода ойнау шеберлігі бойынша ІІ орынды иеленген Тасқали Мадина мен скрипкада ойнау шеберлігі бойынша І орынды иеленген Асанхан Карина қорытындылады. Барлық өнерпаздар сахнаға шығып, көрермендермен қоштасты.

«1-курс таланттары» байқауы жыл сайын жас таланттарды тауып, оларға бағыт-бағдар сілтеуді, бәйгелінің үздіктерін анықтауды, өнерлі жастарға қанат бітіруді мақсат етеді. Биыл да осы байқау арқылы жас өнерпаздар өз армандарының алғашқы белесін бағындырды деген сенімдеміз.

**Жанар САРТБАЙ,**

*ҚазҰУ Арт-орталығының директоры*

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық  
университетінің  
ректораты

### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: **Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА**  
Тілшілер: **Жазгерке ҚАРАТАЕВА, Ақмарал АЛИЕВА**  
Дизайнер – **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**  
Фототілші – **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**  
Корректорлар: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА**

### МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны:  
377-33-30, ішкі: 11-94,  
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:  
**kazuniver2016gazeta@gmail.com**

Газет редакцияның компьютер орталығында тіріліп, беттелді. "Дәуір" ЖШС РПБК-де басылды. Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17

Тел: 8(727) 273-12-04

### Бағасы келісім бойынша. Таралымы 1000 дана Тапсырыс: №3031

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.